



Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

10.3 А. Қазақстан жаңаруға бетбұрыс кезеңінде (1986-1991 жж.)

**КСРО-ның ыдырауына қандай факторлар
әсер етті?**

Сабақтың мақсаты

- Себеп - салдарлық байланыстарды талдап, жалпы заңдылықтарды анықтау.
- Тарихи оқиғаларға дүние жүзі тарихы контекстінде өзіндік баға беру.
- **Қоғамдық саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру.**



1982 жылы 10 қарашада **Л.И. Брежнев** қайтыс болды.

Ю.В. Андропов (1982-1984 жж.) келді. 1984 жылы ақпанда **Ю.В. Андропов** қайтыс болды.

Орталық Комитетінің Бас хатшылығына **К.У. Черненконы** сайлады (1984-1985 жж.). 1985 жылы **К.У. Черненко** қайтыс болды.

КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы қызметіне **М.С. Горбачев** сайланды (1985-1991 жж.)

М. Горбачевтің саясатының ұрандары:

- ✓ **Жариялылық**
- ✓ **Жеделдету**
- ✓ **Қайта құру**

1985 жылы сәуірде Пленумы әлеуметтік-экономикалық дамытуды жеделдету бағыты қолға алынды.

Жеделдету бағытының сәтсіздікке ұшырауының негізгі айыптылары жекелеген басшылар деп жарияланды.

Мәскеуде – В.В. Гришин, Ленинградта – Г.В. Романов,
Қазақстанда – Д.А. Қонаев, Әзірбайжанда – Г. Алиев.

Сәуір Пленумынан кейін КОКП ОК-нің «Маскүнемдік пен еңбексіз табысқа қарсы күрес» қаулысы жарияланды.

- ✓ Жүзім шабындықтары оталып, ішімдіксіз аймақтар жарияланды.
- ✓ Кафелер жабылып, ресторандар өзгертілді.
- ✓ Жеке адамдарға өз өнімдерін өсіріп, базарда сатуға рұқсат берілмеді.
- ✓ Самогон қайнату күшейді. Спиртті ішімдіктерге алыпсатарлық өсті.
- ✓ Нашақорлық үдеді. Тұрмыстық маскүнемдік артты.
- ✓ Ұрлық, қылмыс көбейді. «Көлеңкелі экономика» нығая түсті.


КСРО-ның құлау себептері

- **КСРО-ның** құлауының басты себептерінің бірі – экономикалық дамуда артта қалушылық. Атап айтқанда, Одақ экономикасының технологиялық жағынан артта қалуы, сондай-ақ оның өндірісі шығарған тауарлардың бүкіл әлемде бәсекеге түсу қабілетінің төмендігі еді.
- Соғыстан кейінгі жылдары КСРО АҚШ-пен әскери бәсекеге түсіп және капиталистік елдермен әскери-стратегиялық тепе-теңдікті сақтау үшін қорғаныс ісіне аса көп қаржы шығарды. 1950-1990 жылдар арасындағы 40 жылда әскери шығын 20 триллион долларға жеткен.

КСРО-ның құлауы

- 1991 жылы 8 желтоқсанда РСФСР, Украина, Белорусь басшылары Минск қаласында кездесті (Беловеж келесімі). Талқыланған негізгі мәселелер-1922 жылғы КСРО құру туралы келісімшартты жою. Бұл кездесуге Ортаазиялық республикалардың басшылары шақырылмады.
- 1991 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан басшылары Ашхабадта бас қосты. Орта Азия мемлекеттерінің басшылары Минск (Беловеж келесімі) шешімін қолдайтындықтарын білдірді.
- 1991 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, РСФСР, Украина, Белорусь, Армения, Молдова Алматыда бас қосты. Оған Грузия бақылаушы есебінде ғана қатысты. 1991 жылы 21 желтоқсанда аталған 11 республиканың басшылары КСРО-ны ыдыратып, ТМД-ны құру туралы келісімге қол қойды.

ВИДЕО



ТАЛҚЫЛАУ

ЖЕКЕ ЖҰМЫС

КСРО-ң құлауына не себеп болды?

Үй жұмысы

Сабақ тақырыбына сәйкес қорытынды есеп жазады
(50-100 сөз)

РЕФЛЕКСИЯ (жазбаша)

- Бүгінгі сабақтан мен не білдім?
- Сабақ барысында қандай қиындыққа кездестің?
- Сабақ барысында қандай сұрақ туындады?

